

№34 орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңес отырысының

№5 ХАТТАМАСЫ

21.12.2023 жыл

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар:

Комиссия мүшелері-17

Қатысқаны -19

Мектеп директоры А.Ж.Айзакова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева

Күн тәртібінде:

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау
2. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысуға қоғам мен демеушілерді тартуға көмек.
3. Мектеп директорының 2023 жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі
4. «Кәметке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу»
5. Әр түрлі мәселелер (оқушылардың өмір қауіпсіздігін бақылау)

Қамқоршылық кеңес төрайымы А.А.Кокимова сөз алды: Қайырлы күн кеңеске қатысушылар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп асханасынан бастауыш класс бойынша 216 білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтылып жүр. Одан бөлек 5-11 класс бойынша 20 оқушы азықтанып, көп балалы отбасыларының балалары тегін тамақтануда. Қамқоршылық кеңес мүшелері айына бір рет болса да асханадағы тамақтың сапасын бақылау жүргізеді, күнделікті тамақ сапасын мектеп медбикесі тарапынан тексеріліп отырылады. Сонымен қатар асхананы жалға алушы Г.Ержакиповамен 2022 жылмен конкурс нәтижесінде келсім шартқа отырылған, ас мәзірінің үлгісі ҚББ бекітілген, күнбе күн мектеп директорымен бекітіліп отырылған. Осы орайда қамқоршылық кеңес мүшелері атсалысып, асхананың зерделеу жұмыстарына қатысу үшін атсалыссақ дегім келеді.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева сөз алды: Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері! Өздеріңіз білетіндей алда балаларымыздың асыға кететін мерекесі Жаңа жыл келе жатыр. Мектебіміздің оқушыларына жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында 1-11 класс оқушыларына спортзалды безендіріп, оқушыларды жас ерекшеліктеріне байланысты топтастырып, жас мамандардың қатысуымен оқушыларға ертегі кейіпкерлерімен атап өткіміз келеді. Сонымен қатар 40 жеңілдетілген санаттағы оқушыларымызға дәстүрге айналған шарамыз бойынша сыйлықтар таратылып, оларға жеке уақыт бөліп, қуантқымыз келеді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Ж.Айзакова алды: 2023 жылы жан басына шаққандағы қаржыландырудан 1445931,76 теңгеге 41 парта, 57 отырғыш, тоғыз шахмат партасы мен 18 отырғыш, 646240тг диван, 410714,28тг принтер, 95194,96тг ту, спорт залға 35464теңгеге баскетбол стойкасы, 69900тг футбол добы, 54900тг баскетбол добы, 66020теңгеге волейбол добы, 54888теңгеге шахмат тақтасы, оқу бөлмелеріне 87580теңгеге светодиодты лампа, 26700 теңгеге оқушылардың қауіпсіздігі үшін баспалдақтарға скотч-бэйт, 24900теңге фотоқаздары алынғандығын айтып өтті. Сонымен қатар ата-аналардың өтініштері негізінде материалдық көмек көрсетуге мұқтаж әр оқушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Демеушілер іздестіру мақсатында жеке кәсіпорындарға, мекемелерге сұраныс хаттар жіберілді. "Мектепке жол" республикалық акция барысында **мектебіміздің 32 оқушысына**- атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға **қаржылай көмек** көрсетілді. Аталған білім алушылардың әрқайсысына бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде, яғни **40567 (қырық мың бес жүз алпыс жеті) теңге** төленді.

Сондай-ақ, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына қолдау, демеушілік көрсету үшін түрлі мекемелерге сұраныс хаттар жолданды. "**Каспи bank**" мектептен жолданған сұраныс-хатты қанағаттандырып, мектебіміздің аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетті. **5 оқушыға 200000 теңгеге** оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті.

№	Оқушының аты-жөні	класы	категориясы
1	Абдер Ансар Нурбергенқызы	1	көп балалы
2	Кәдірғалиев Бек Райымбекұлы	1	аз қамтылған
3	Ханкелді Әділжан	1	аз қамтылған
4	Ізмағанбет Ибраһим Жасаралұлы	3	аз қамтылған
5	Молдабай Нүрәли Жангелдыұлы	7	аз қамтылған

"**EMPERUM**" туристік фирмасы көп балалы, асыраушысынан айырылған **10 оқушыға 350000** теңгеге оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті.

№	Оқушының аты-жөні	класы	статусы
1	Хабиров Омар	2ә	аз қамтылған
2	Амангелді Алдияр	2ә	аз қамтылған
3	Алданыш Амина	2ә	аз қамтылған
4	Темірғали Аяп	7а	аз қамтылған
5	Тұрар Нұрсұлтан	3а	аз қамтылған
6	Ханкелді Ақбаян	4ә	аз қамтылған
7	Есет Әділет	3а	аз қамтылған
8	Төрбек Келбет	3ә	аз қамтылған
9	Куставлетов Еркеулан	5ә	аз қамтылған
10	Шатырхан Айлин	5ә	аз қамтылған

Қазан айында мектепте «Тәттілер жәрмеңкесі» ұйымдастырылды. Мектеп жәрмеңкесінде жиналған қаражатқа азық-түліктер алынып, аз қамтылған, көп балалы 3 отбасыға (Аманкелді, Темірғали, Сапартілеу) көмек көрсетілді.

Келесі сөз мектептің қамқоршылық кеңісінің төрайымы А.А.Кокимоваға берілді. Мектеп директорының атқарған жұмысына өз алғысын білдіре отырып, келесі мәселе құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша бірігіп жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева сөз алды: Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршаңызға белгілі. Кәметет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын оқушыларға үнемі ескертіп

отырылатындығын айтты. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белен алуда, кикілжің, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін мектебіміздің оқушыларын ІІБ мамандарымен жиі кездесулер жұмыс жоспарына сай жүргізілетінін, әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстырып алдын алу жұмыстарының жүргізіліп отырғандығын жеткізді. Мектептің мұғалімдерімен жәнеде қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы Кокимова Айнагүл Айжарыкқызымен бірге түнгі рейдтік шараларға мереке кездерінде бірге шығып жүргендерін айтты. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының бей мезгіл уақытта жүргендерін көрмеген екендігін жеткізді.

Сонымен мектеп қабырғасында қалалық білім бөлімінің 02.10.2023жылғы №03-03\2089 шығыс хатының негізінде мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту мақсатында, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, мектептегі құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін бақылау мақсатында ата-аналардың кезекшілігі қазан айынан бастап мектеп қабырғасында жүргізілуде. Әр аптаның күндеріне барлық кластарды қамти отырып ата-аналар кезекшілігі мектепте қарқынды жүргізіліп жатқандығын айтты.

Шешім:

1. Тамақтану сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа жылдық сыйлықтар таратуға демеушілік тартылсын, оқушыларға жаңа жылды өткізу мектеп қабырғасында ұйымдастырылсын. оқушылары спортзалда
3. Мектеп директорының 2023 жылы бойынша атқарылған жұмысы туралы есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылсын.
5. Оқушылардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу жұмыстары жандандырылсын, оны бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаеваға бекітілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Кокимова Айнагүл Айжариковна

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Тлешева Бақыт Аманжолқызы

Калмаганбетова Аксис

Умирзакова Лаззат Кадыровна

Калауова Айнур Дауленовна

Жұмабек Мақсат Ерболатұлы

Жусипова Тлектес Муханбеджанова

Убаева Асылша Бердикановна

Серғали Жангүл Бектуғанқызы

Нуртазаева Мизамгүл Жаксыбаевна

Құдайбергенова Карлыгаш Химадиновна


Қызылова Ақнұр Жарасқызы

Сатаев Абзал Сауытович

Наурызбаев Айбек Қайратұлы



Утарбаева Клара Булатовна



Құдайбергел Орал Болатович



Музиева Мөлдір Мұратқызы

